

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

населения ежегодно поступало 7400 тыс. кусков гладких шелковых тканей, что составляет 46400 тыс. кв. м. ткани, а также 1850 тыс. гуней (один гунь равен 223,8 г.) шелковых нитей. Натуральный налог состоял главным образом из гладких тканей, шелковых нитей и шелковой ваты. О ценах на шелк в первое столетие существования Танской империи известно не много. После прихода к власти новой династии цены стабилизировались, и в 626 г. в Чанъани кусок шелковой тафты стоил 300-400 монет, что соответствовало цене десяти даней проса. Значительно уменьшился разрыв в ценах на шелк между столицей и западной периферией в эпоху Тан. Это можно объяснить тем, что если на деревянных табличках из Цзюйяна фигурируют цена на шелк в начальный период торговой деятельности на Шелковом пути, превышающие столичные в 6-7 раз, то в текстах Турфана и Дуньхуана сообщаются цены времени расцвета торговли. Кроме того, к Танскому времени китайская монополия на шелк была утрачена, появились другие центры шелководства, что, естественно, вызвало падение цен на китайский шелк на среднеазиатских рынках.

В настоящее время шелководство распространено практически во всех теплых странах Азии и Европы. Наиболее интенсивное производство шелка осуществляется в Японии, Корее, Вьетнаме, Индии и еще некоторых Южно-Азиатских странах. Но мировым лидером по производству шелка остается, как и четыре тысячи лет назад, Китай. Технологии развития шелководства довольно, мало изменились за прошедшие тысячелетия, что связано со сложной спецификой производства шелка. Это – дело очень кропотливое и трудоемкое, даже механизация труда ненамного повысила его производительность, так как саму нить производят все так же гусеницы, а не машины. Сильно препятствует интенсивному развитию шелковой промышленности и то, что качественный шелк можно получить лишь от гусениц, питающихся листьями тутового дерева, но на выращивание деревьев до соответствующего размера уходят годы. В то же время шелк остается очень важным в хозяйстве материалом, в частности, из него изготавливают прочные и тонкие хирургические нити. Появившийся в наше время синтетический шелк не может полностью заменить натуральный. Поэтому, хотя из-за натурального шелка теперь уже не организуются авантюристические мероприятия и не ведутся кровавые войны, стоимость его по-прежнему очень высока.

Список использованных источников:

1. <http://history-tema.com>
2. Шелк // Энциклопедический словарь Ф.А.Брокгауза и И.А. Ефрона : в 86 т. (82 т. и 4 доп.). - СПб. 1890-1907.
3. Кукин Г. Н., Соловьев А. Н. Текстильное материаловедение ч. 1-3.- М., 1964-1967.
4. Рубинов Э. Б., Усенко В. А., Ибрагимов С. С. Учение о шелке и кокономотание. Ч. 1.- М., 1966.

ӨОЖ 93/94(574)

ҒҰНДАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХНАМАСЫ

Мухамеджанова Сания

sakonya_93@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті

2-сынып магистранты «020500-Филология: Түркі тілдері»

Ғылыми жетекші – Қойшығара Салғараұлы

Сиунну-ғұндар жөнінде алғашқы ғылыми зерттеулер ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардан бастап жүргізіле бастады. Әсіресе, сол кездегі еуропалық ғалымдардың Шығыс және Орталық Азияның ежелгі тарихы, мұнда сол уақытта өмір сүрген халықтардың тарихы жөнінде қызу пікір-таластар туындайды.

Сол кезден бері ғылым алдындағы бірінші проблема қытай дерегінен белгілі азиялық ғұндармен, еуропалық ғұндардың арасындағы қайшылықтың болуы. Екінші проблема

ғұндардың этникалық қатыстылығы. Ол катал айтыс-тартысқа алып келді. Ғұндарды этникалық түріктер, моңғолдар, финдар, славяндар деп санағандар болды. Осымен байланысты лингвистикалық дәлелдер (қытай транскрипциясында сақталған ғұн сөзі сарапталды), археологиялық (скифтермен байланысы қарастырылды), антропологиялық және жазба деректер игерілді. Барлық осы мәліметтермен ғұндардың Шығыстан Батысқа қоныс аударуын дәлелдеу үшін қолданылды. Ғұндардың шығу тегі жөнінде төрт негізгі теория қалыптасқан: «моңғолдық», «түріктік», «финдық», «славяндық». Біріншісінің басты өкілдері: П.Паллас, Ф.Тунман, Бергман, И.Шмидт, И.Бэр, Н.Я.Бичурин, К.Нейман, Х.Хоуорс, Ам.Тьерри; екіншінің өкілдері – Абель Ремюза, Ю.Клапрот, Ф.Мюллер, Жирар де-Риалль, В.Радлов, Н.Аристов, Ф.Хирт, И.Блейер, В.Панов, Л.Нидерле, Е.Паркер, Ф.Шварц, А.Жардо, К.Риттер, Н.Тюль. Үшінші теорияны жақтаушылар: М.Кастрен, Коскинен, Вивьен де-Сен-Мартен, П.Услар. Славян теориясына көп емес Д.Венелин, А.Вельтман, А.Погодин, И.Иловайский болды. Бірқатар буржуазиялық ғалымдар (мысалы Ю.Клапрот) орталықазиялық ғұндарды бір жерден шығарады, ал европалық ғұндар басқадан [1, 262].

Сонымен қатар жалпы түрік-моңғол халықтарының тарихы жөнінде басты тарихи дерек көзі болып табылатын ортағасырлық тарихшы Рашид ад-Диннің іргелі еңбегі болып табылатын «Жылнамалар жинағы». Жылнаманың авторы Рашид ад-Дин Фазлуллах ибн Абул-Хаир Али Хамадани – Моңғол империясының дәуірлеп тұрған кезінің көз көрген куәгері, Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы Ғазан хан мен Олжайту ханның уәзірі болған адам. Осы арада басын ашып айта кетер бір мәселе – бұл еңбектің авторлығы бір адамға телінгенімен, шын мәнінде, “Жылнамалар жинағы” (1300-1310 ж.ж.) – ұжымдық еңбектің жемісі. Заманында білікті билеушілердің бірі болған Ғазан хан бөгде жұртты жаулап алып, соған билік жүргізіп тұрғанымен, өздерінің соларға сіңісіп, жұтылып бара жатқанын көріп, тілінен, дінінен, ата-бабаның салт-дәстүрінен айырылып, парсылана бастаған мұңғұлдың кейінгі ұрпағы өздерінің шыққан тегін таймай танып, төл тарихын барынша біліп өссін деген игі ниетпен ғұлама уәзірі Рашид ад-Динге арнайы тапсырма беріп, қасына мұңғұл халықтарының тарихын мейлінше терең білетін, даланың теңдесі жоқ даңғайыр шежірешісі Болат-чансан бастаған алты моңғол шежірешісі мен сол кездің ең мықты деп есептелінетін бірнеше білікті тарихшысын (Абдуллах Қашани, Ахмед Бухари және т.б.) қосып, осы еңбекті жазғызған.

Даланың ауызша тарихын өзінше жүйелеп, хатқа түсірген Шыңғыс ханның XVII ғасырда өмір сүрген тағы бір тікелей ұрпағы, Хиуа ханы Әбілғазы Баһадүр дәл осы деректерді одан әрі жетілдіре нақтылап, “Жылнамалар жинағындағы” парсыша бұзылып берілген түріктік жер-су аттарын төл қалпына келтіріп, түрікше қалай аталатынын дәл береді. Енді осы ғалымдардың негізгі ұстанған тұжырымдарын бір-бірімен салыстырып, жүйелеп ой қорытайық. Кезінде айтыс-тартыс қанша көп болғанымен, оның қорытындысы бәрібір тарих ғылымында Ұлы Даланың тек шығыс бөлігін ғана еншілеген ежелгі түркітер (прототюрки) мен ежелгі моңғолдарды (протомонголы) қазіргі жер бетіндегі бүкіл түркі тектес халықтар мен моңғол тектес халықтардың ата-тегі деген ұғымды орнықтыруына бөгет бола алған жоқ. Бір есептен, бұған да шүкіршілік, әйтпесе, бұл халықтардың бәрі түркісіз, тек осы күнгі түсініктегі моңғол тектес халықтар болып жүрулері де әбден мүмкін еді. Өйткені, XIX ғасырда Ресей Ғылым академиясының академигі П.С.Паллас бастап, кейінірек оны Я.И.Шмидт пен Н.Я.Бичурин қостап, жаңаша жыл санауға дейінгі II мыңжылдықтан осы ғалымдардың өздері өмір сүріп отырған кезеңге (XIX ғ.) дейін Ұлы Даланың Орталық Азия бөлігін автохтондық құқығы бар бір халықтың, тек моңғол тектес халықтардың ғана мекендеп келгенін дәлелдеп, әлем жұртшылығын сендіріп қойған болатын. Дунху және Шань-жун тайпалары тау алқаптарында мекендеді, олардың өздерінің мемлекеті және басшылары болды, әрқашан көп санды рулар жиналып жүрді, бірақ олар біріге алмады.

Шань-жун аудармасы Таулы Жундар, моңғол халықтарының атауында бар, б.з.д. II ғасырда бастапқыдағы Аохань, Наймань және Корцинь аймақтарында өмір сүрді. Барлық тайпалар Бэй-жун аталды, солтүстік Жундар. Қытай тілінде Шань тау, Бэй солтүстік. Олардан батысқа қарай Чахараға дейін Дун-хулар мекендеді. Бұлар шығыс Хулар еді. Ежелгі

қытай тарихында Жун және Ху сөздері Қытайдың солтүстігін мекендеген тайпалар, бұлар бір моңғолдар еді, ал Қытайдың батысындағы барлық халықтарды Жун сөзімен атайды бұл Хухэнорлық таңғұттар, ал Ху сөзімен түрік және парсы семьясына жататын тайпаларды жатқызады. Жун-и, Гуань-и және т.б. тайпалар, бұрынғы қытай губерниясы Гань-суда көшіп жүрді, және ол таңғұттармен араласқан моңғолдардан тұрды; неге Тибет пен Хухэнур тарихында барлық тайпалар таңғұттар деп мойындалады. Бірақ мұнда, моңғол тайпалары басты күшті құрады; неге тарих оларды моңғол халықтарына кіргізеді. Олардың басты жортуылдарына Сары өзеннен солтүстікте Ордоста моңғолдар болады, себебі бұл уақытта моңғолдардың басты күштері Ордоста болған еді және Ордостан шығысқа қарай. Таңғұт тайпалары, керісінше, қытайдан жеңілгендер, әрқашан Хухэгорға қашып отырды [2, 43-44].

Қытай тарихшылары мен жылнамашылары, хұндарды Қытайдың бастапқы тарихи кезеңінде шаньжун, ханьюнь және хуньюй атымен көрші болған деп санайды. Б.з.д. 214 жылдар шамасында қытайлар Ордостан хұндарды қуып шықты, бірақ 10 жылдан кейін, Қытайдағы бытыраңқылықты пайдаланып, Мөде шаньюй оның әкесі кезінде айырылған жерді қайтарып, Қытайға сәтті жорық жасап, оны өзіне салық төлеуге мәжбүр етті. Хұндардың түріктер екендігі, бұл мынадан белгілі, қытайдың мәліметі бойынша гаогюйліктер және түрік-тукюлар хұндардың ұрпағы болған және гаогюйліктердің тілі «хұндардікіне ұқсас» болды, үлкен айырмашылығы болмады: Орхон жазбалары соңғы рет айқындағанындай тукюіміз түрік болды және гаогюйлердің де тілі түрік тілі болғаны шүбәсіз, мұнымен хұндардың түріктер болған анықталады [3, 189].

Қытай жылнамалары мен археологиялық қазбалардың дәлелдеуінше, ғұн қоғамының құрамына кірген көшпелі тайпалардың пайда болуы, келесідей көрінеді. Б.з.д. бірінші мыңжылдықта Орталық және Солтүстік Азияның бөлігінде, Минусинск қазаншұңқырының бөлігінде және Алтайда бірінші көшпелі малшылар қоғамы пайда болады. Ғұндардың өздеріне сипаттамаға келетін болсақ, солтүстік Қытайдағы көшпелі ғұн тайпаларының және олардың мәдениетінің қалыптасу процесі қалай жүргенін қарастыру. Бірінші ірі қоғамдық еңбек бөлінісі пайда болуы процесінің алғышарттары, бақташы тайпалардың басқа «жабайы» тайпалардан бөлінуімен аяқталады, бұл кең территориядағы археологиялық материалдармен анықталады.

Азияның басқа Солтүстік, Орта және Орталық аудандарында қоғамның дамудың бірыңғай жүйесін көрсететін, заттай археологиялық деректермен ұсына алмаймыз. Алтайда малшы тайпалардың қалыптасуы Пазырық, Шибө, Катанда қорғандарынан қазылған материалдармен құжаттандырылады. Қазақстан мен Моңғолия үшін материалдардың аздығымен ерекшеленеді. Қытайды қоршаған басты көшпелі тайпалар келесідей: Ганьсу ауданында гуьньжу, гуаньжун, дивань тайпалары; Ордоста икюй және лэуфань, және соңында Маньчжурияда Дуньху және шаньжун халықтары. Қытайлықтардың айтуы бойынша олар тау алқаптарын мекендеді және әрқайсысының билеушісі болады. Б.з.д. 307 жылы қытай қолбасшысы Улян линьху және лэуфань тайпаларын талқандайды және Няньшаннан бастап «Ұлы Қытай қорғанының» құрылысын бастайды. Мың жылға созылған отырықшыларды көшпелілерден бөлетін бірінші кезең аяқталады. Бір жағынан, Қытайды Цинь династиясының (б.з.д. 221-206 жж.) астына біріктіру басталады, бір жағынан – көшпелілердің бірігуіне, әскери-демократиялық құрылыс негізінде басталады. Бұл жерде жун тайпалары басты рөлді атқарады. Соңғысының этнонимімен Орталық Азиядағы ғұн тайпалық одағының атауымен байланысты [1, 24-26].

Сол уақытта, көшпелілердің ирандық бұтағы – скифтер мен сарматтар – ұлы даланың батыс бөлігін оңтүстік Ресейді, сонымен бірге Торғай және Батыс Сібірді алып жатты, шығыс бөлігі түрік-моңғол халықтарының билігінде болды. Соның ішінде басты жетелеуші ертеде халық болды, қытай мәліметтерінде ол сюнну атымен белгілі болды. Бұл атау хунну және хуна атауымен туысқан (жақын), римдіктер мен үнділіктер соңында оларды жабайылар деп сипаттады. Мүмкін, бұл сюннуларды (бұл атау қытай дерегінде б.з.д. III ғасырға Цинь династиясына дейін нақты кездеспейді) қытайлар б.з.д. VIII-IX ғасырларда «Hsien-yun» деп аталды. Бұдан ертеде олар сюнну «Hsien-yun» атауымен белгілі болуы мүмкін немесе, мүлде

түсініксіз ху «Ни» атауымен. Ху халқы, қытай мәліметтерінде, Қытаймен сол уақытта, Ордоста, солтүстік Шаньси немесе солтүстік Хопееда шекаралас болған. Маспероның есептеуінше, жундар солтүстікте, пей-жунг, қазіргі Пекиннен батыс және солтүстік-батыс территориясында пайда болған, ху тайпалары еді. Басқалары б.з.д. IV ғасырда қытайлық Чао патшалығына бағынды. Чао патшасы Ву-Линг (б.з.д. 325-598 жж. жуық) олардан Шаньсидің солтүстік шетін және қазіргі солтүстік Ордостың бөлігін (б.з.д. 300 ж) басып алды. Бұл көшпелі тайпалардың шабуылына қарсы қорғанысты қамтамасыз ету үшін қытай патшалықтары Чина (Шеньси) және Чао (Шаньси) ауыр қозғалмалы әскерге жылдам кавалерияны ауыстырды. Бұл әскери инновация болды, мұнымен бірге қытай киімінің толық өзгеруіне алып келді: ежелгі уақыттағы кең киім, кавалерияның киімін киді, ол көшпелілерден алынды [4, 39].

“Жылнамалар жинағының” мұңғұлдардың шыққан тегін бұлайша “түрік” деп көрсетуінде аңыздық жаңылыстың жоқтығына көз жеткізе түсу үшін осы орайда мына жайларға да баса назар аудару қажет. Оның біріншісі – шығарманың әйгілі Моңғол империясының дәуірлеу биігіне көтеріліп тұрған кезінде, басқаша айтқанда, моңғолдардың асыл тектен жаралған “ерекше” халыққа айналып, басқалардың, яғни моңғол еместердің өздерінің шыққан тегін, қалайда ретін тауып, осы асыл тектен шығаруға, болмаса соған жақындастыруға жанталаса ұмтылып жатқан кезінде жазылғандығы. Бұл ретте Рашид ад-Диннің: “Найманы, жалаиры, онгуты, керейты и другие племена, которые имели каждое свое определенное имя, называли себя монголами из желания перенести на себя славу последних; потомки же этих родов возомнили себе издревле носящими это имя, чего в действительности не было” [5, 75], – деп ашып көрсетуі айтылған тұжырымның сол кездің шынайы шындығы екенінің бұлтартпас дәлелді айғағы. Егер “моңғолдың шыққан тегі – түрік” деген ұғым сол тұста жалпы жұрт мойындаған, баршаға белгілі шындық болмаса, онда мұңғұлдың шежіретарихының терең білгірі Болат-чансан бастаған тарихшылардың “асыл текті” моңғолды сол кездегі өздері жаулап алып, қалауынша билеп отырған бағынышты түрік тайпаларымен бір тектен жаратылған, бір атаның (Абулджаның) ұрпағы деп көрсетуге де, солай деп жазуға да батылы бармас еді. Екіншісі – осы айтылғандарды одан әрі негіздей түсетін өз заманының білікті тарихшыларының басын қосып, арнайы тапсырмамен моңғол халықтарының тарихын жаздырудағы Ғазан ханның негізгі мақсатынан өрбиді. Өздері жаулап алып, билеп-төстеп отырған бағынышты басқа халықтарға мұңғұлдардың сіңісіп, өз тілінен, өз дінінен, ата-баба дәстүрінен айырылып, өгейсіп бара жатқанын көріп, келер ұрпақ өздерінің шыққан тегінің қайдан екенін, ата-бабаларының кімдер болғанын, не істеп, не қойғанын есіне түсіріп, біліп жүрсін деген мақсатпен Ғазан ханның осы тарихты арнайы жаздырғанын Рашид ад-Диннің өзі “Жылнамалар жинағының” кіріспесінде ашып айтады. Демек, осындай айқын мақсатты көздеген, өзін “нұрдан жаратылған” атадан тараған “алтын текті” Шыңғыс ханның тікелей ұрпағымын деп білетін Ғазан ханның өзімшіл менмендікті жеңіп, мұңғұлдардың түріктерден шыққанын, өздері жаулап алып отырған түрік тайпаларымен түбі бір туыс екенін мойындап, солай деп жазылған кітапты ықыласпен қабылдауы – оның жұртқа мәлім тарихи шындықтан аса алмағанын, адалдықпен ақиқатқа жол бергенін танытады. Үшіншісі – “Жылнамалар жинағын” шығарушылардың бірінші томның бірінші кітабына берілген анықтама-түсініктемені: “Первого тома “Сборника Летописей” с повествованиями о появлении тюркских народов и об обстоятельствах их разделения на различные племена” [5, 71], деп атап көрсетіп, ашып жазуы. Мұнда да тарихи шындықты мойындау “мен мұндалайды”. Арнайы тапсырмамен моңғолдар тарихын жазуға арналған шығарманың беташар кітабының моңғол халықтарының пайда болуы мен олардың түрлі тайпаларға бөлінуіне арналмай, тек түрік халықтарына арналуы – сол түп бастаудың бірлігін, яғни мұңғұлдардың шыққан тегінің түрік және оның тарихи шындық екенін мойындаудан жасалып отырған іс екенін пайымдау онша қиындық туғызбайды. Егер сол кезде мұндай мойындау болмаса, бірінші кітап түрік халықтарына арналмас еді, оған жоғарыдағыдай анықтама-түсіндірме берілмес еді.

Осы айтылған жайларды екшей келіп, мәселенің байбына жетіп, тереңдей үңілсек, даланың ауызша тарихының хатқа түскен басқа жанама деректерінің де “мұңғұлдардың

шықан тегі – түрік” екенін одан әрі айқындай түсетінін көреміз. Бұл ретте “Жылнамалар жинағы” жалпы көшкіншілердің атасы деп есептелінетін Абулджа (Йафет) ханның жайлауы Ортақ, Қазтақ, ал қысқы жайылымы Бурсун, Какьян, Қарақорым болғанын және олардың Талас пен Қары-Сайрам қалаларынан қашық емес екені жөнінде нақты дерек берсе [5, 80-81], даланың ауызша тарихын өзінше жүйелеп, хатқа түсірген Шыңғыс ханның XVII ғасырда өмір сүрген тағы бір тікелей ұрпағы, Хиуа ханы Әбілғазы Баһадүр дәл осы деректерді одан әрі жетілдіре нақтылап, “Жылнамалар жинағындағы” парсыша бұзылып берілген түріктік жер-су аттарын төл қалпына келтіріп, түрікше қалай аталатынын дәл береді. Мысалы, ол жаңағы Ортақ, Қазтақ деп аталатын таулардың көне түрікше атауы “Ор-тағ”, “Кер-тағ” екенін, олардың қазір “Ұлығ-тағ”, “Кішік-тағ” деп аталатынын ашып жазады [3, 40]. Сондай-ақ осы еңбектен “Жылнамалар жинағындағы” “Бурсун”, “Қарақорым” деп аталған жерлердің бүгінгі күнге дейін ежелгі атауын өзгертпей, бастапқы күйінде бізге жеткен, қазіргі Қазақстан жеріндегі өзімізге белгілі “Борсық” және “Қарақұм” деп аталатын әйгілі құмдар екенін бірден танимыз.

Ғұнның арғы тегі – Шяхоушының Зүнуй деп аталатын әулеті. Олар Таң Яу, Юй Чүн замандарынан ілгері таулық нұмдар хәмюн, хүнүк деп аталып, шалғай солтүстікте малдың ыңғайына қарай көшіп-қонып жүрді. [6, 20]. Бұл қазақ жеріндегі автохтонды тайпалардан гөрі әсіресе, осында шығыстан көшіп келген түркі тайпаларына қатысты. Алтай-Саян және моңғол жерлеріндегі рулық-тайпалық бірлестіктер негізінен саяси тұрғыда, мемлекеттер аясында ғана төл тарихымызда жалпылама оқытылып келеді. Осы тұрғыдан қарағанда, ғылыми еңбектерде картаға түсіріліп бейнеленген бірнеше ежелгі және ортағасырлық мемлекеттер тарихына нақты тоқтала кеткеніміз жөн болар. Ең бірінші, әрине, Хундар мемлекетіне тоқталамыз. Бүгінгі тарихта бұл мемлекет біздің заманымызға дейінгі III-I ғасырларда өмір сүрген деп айтып жүрміз. Бұл мемлекетте оңтүстік батыста тохар (Юэчжи) тайпалық бірлестіктері өмір сүргенін байқаймыз. Солтүстік Хундарының Байкал көлінен батысқа қарайғы солтүстіктегі көршілері Енисей бойындағы қырғыздар, олардан батысқа қарай Енисей мен Ертістің аралығында Динлиндер, одан төменде оңтүстік батыста Усундер (Үйсіндер) болғанын сол кездегі деректерден айқын байқаймыз.

Бұл тарихи картадан көрінетіні біздің заманымызға дейінгі кезеңде қазақты құраған түркі ру-тайпаларының этникалық негіздері Хунну, Үйсін, Динлин, Тохар, (Юэчжи) тәрізді Алтай-Саян және батыс моңғол жеріндегі мемлекеттік бірлестіктерден бастау алатыны [7, 22]. Сюнну этнонимінің мазмұны мен нақты қалай айтылатыны әзірше айқын емес. Зерттеулердің көрсетіп отырғанындай, оның ежелгі қытайлық транскрипциясы гректер мен ертедегі орыс шежірелерінің фруна (труна) деген түріне тіреліп жатыр. Орыс шежіресі Еділ мен Дунайдағы өздерінің сюннуларға сабақтастығын сақтап қалған ғұн-болғар ақсүйектерін сипаттай келіп, оларды трунове, яғни трундар деп атайды. Егер осылайша, «трун» деген сөз бастапқыда «ғұн» тайпаларының ақсүйектеріне арналып айтылса, сюнну (хунну), яғни трундар ғұндар деп саналмағанын білдірмейді. Трун және ғұн терминдері бір ғана этникалық-саяси қауым жөнінде қолданылған, олардың таралған аудандары әр түрлі болғанымен ғұн термині әлдеқайда мол қауымды білдірді.

Көптеген қазақ тайпаларының арғы бабалары болып табылатын ғұндарға тоқталар болсақ, олар туралы қазір тарихи әдебиет аз емес. Олардың ішінде ғұндар жайында аса құнды мәліметтер беретін «Хэннаманы» көне қытай тілінен қазақшаға тікелей аударған бауырларымыздың ұсынған мәліметтері мен деректері әлдеқайда қызықтырақ болар деп ойлаймыз. Олар ғұндарға төмендегідей түсініктеме береді: «Ғұн, арғы замандағы оқылуы: Хиуңна, Хиуңнағ, ғұңню, қазіргісі: шюңну) – ертедегі этнос әрі қағанат. Ежелгі кіндік қағанаттықтар (қытайлықтар) оларды «Ға» немесе «Ғу, кейінгі оқылуы: «Ху» деп те аталған. Ертедегі сүйек жазуларда ғұн, йын, шың, жоу хандықтары тұсында «гүр елі», «ғұнрей», хәмюн, хұнтүк, немесе хұнүк, ғұнғру; Чин патшалығы кезінде хюңнағ немесе хюңна түрінде жазбаға түскен. Ғұн этносының аталуы әр елде біркелкі емес. Гректер *hunnoi*; латындар *chunni*, *hunni*; орыстар *гунн*; европалықтар *hun's* десе, армян тарихшыларының жазуынша *hunk*; қазақша материалдарда ғұн, һұн, хұн, гүн түрінде әртүрлі қолданылып келеді. Бір

иероглифтік жазудың ежелгі оқылуына және әр түрлі аталуына негізделіп «ғұн» дегенді дұрыс көрдік [8, 122].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Н.Бернштам. Очерк история гуннов. - Ленинград, 1951. - 262 с.
2. Н.Я.Бичурин. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. - Алматы: Жалын баспасы, 1998. - 390 с.
3. Н.А.Аристов. Этногенез и этническая история казахов. - Павлодар: ТОО «ЭКО», 2005. - 272 с.
4. Рене Груссе. Империя степей. - Астана, 2006. – 216 с.
5. История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Французские исследователи в Казахстане. И.В.Ерофеева. – Алматы: «Санат», 2006. - 272 с.
6. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з.б. 177– б.з. 222 жылдары). 1 кітап. – Алматы, 2006.- 310 б.
7. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы. (ежелгі және ортағасырлық кезең). моног зерттеу. – Алматы: «Алдамжар», 2007. - 432 б.
8. Т.Омарбеков. «Арғын» этнонимі немесе Арғындардың шығу тегі туралы. // Алаш. №1 (10), 2007 ж.

ӘОЖ 93 [001-008]

МӘМЛҮКТЕР ДӘУІРІНДЕГІ ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫ

Мұратбекқызы Меруерт

mervetta92@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,
6М020900 Шығыстану мамандығының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – филол. ғ. д. С.А. Төлеубаева

XIII ғасыр араб-мұсылман әлемі тарихында атаулы кезеңдердің бірі. Крестшілер жорықтары және шығыстан бет алған монғолдар араб-мұсылман әлеміне зор қауіп төндірді. Дегенмен мәмлүктер қатердің бетін қайтара білді. Француз королі XI Людовикке тойтарыс беріп, монғол ордасын талқандады.

Мәмлүктер (المماليك) – Айюбилер әулеті сұлтандарының арнайы әскери дайындықтан өткен жасақшылары. Әмірлер жасөспірім балаларды құлдықтан сатып алып, қалаға әкелісімен жабық әскери мектептерге бөлетін. Бұл мектептерде шарифат негіздері, араб тілі мен жазуы үйретілген. Сонымен қатар, мәмлүктер күрес, жүзу, садақпен ату, найзамен шабуылды игерген. Тәрбиеші әр оқушыға жеке күнделік бастап, оның сипаттарын, жетістіктері мен кемшіліктерін жазып отырған. Осылайша мектеп қабырғасында кәсіби әскерилер даярланды [1, 332-б.].

Мәмлүктер, көбінесе, Дешті қыпшақ даласынан және Кавказ өңірінен әкелген құлдардан құралған. Өйткені жастайынан жаугершілікті бастан өткерген балалар ерлікке құштар, рухы биік әрі жауынгер болатын. Сондықтан билеушілер өз әскерінің басты құраушы да қозғаушы күші етіп осы өңірлердің тумаларын алатын. Осылайша, негізгі әскери күшке айналған мәмлүктер Айюбилер әулетінің соңғы сұлтаны Тұран шахты тақтан тайдырып, 1250 жылдан бастап Мысыр (1517 ж. дейін) мен Шамдағы (1516 ж. дейін) билікті өз басқаруларына алды. Мәмлүктер үш ғасырға жуық уақыт билік құрды. Осы кезеңде Мысыр мен Шам елдерінде тәртіп орнап, тыныш заман туды. Өйткені мемлекеттік құрылымдар қатаң тәртіпке бағынды. Осы жүйеліктің арқасында мәмлүктер ішкі жауды дер кезінде басып, сырттан төнген қауіптің бетін қайтарып отырды. Олар әскери ұйымдастыру шеберлігімен және қайсар мінезімен танылды.